

Баянауыл ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 18/1 қаулысы. Павлодар облысының Эділет департаментінде 2019 жылғы 23 қаңтарда № 6243 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Құқық бұзышылық профилактикасы туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Баянауыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Баянауыл ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Павлодар облысының полиция департаменті Баянауыл ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру мақсатында тиісті іс-шаралардың өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Павлодар облысының

полиция департаменті

Баянауыл ауданының

полиция бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

2019 жылғы "21" қаңтар

O. Каиргельдинов

M. Э. Мусатаев

Баянауыл ауданы әкімдігінің

2019 жылғы "21" қаңтардағы

№ 18/1 қаулысына

қосымша

Баянауыл ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Азаматтарды көтермеледің түрлері:

- 1) Баянауыл ауданы әкімінің Құрмет грамотасы;
- 2) Баянауыл ауданы әкімінің Алғыс хаты;
- 3) ақшалай сыйақы;
- 4) құнды сыйлық.

2. Азаматтарды көтермеледің тәртібі:

- 1) қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермеледеу мәселелерін қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермеледеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды;
- 2) қоғамдық тәртіпті сақтауға белсенді қатысатын азаматтарды көтермеледеу туралы ұсынысты (қолдау хат) Комиссияның қарауына "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Павлодар облысының полиция департаменті Баянауыл ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Баянауыл ауданының ПБ) енгізеді;
- 3) Комиссия қабылдайтын шешім көтермеледеу үшін негіз болып табылады;
- 4) Баянауыл ауданының ПБ ақшалай сыйақыны төлеуді және құнды сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді;
- 5) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға көтермеледеу беруді Баянауыл ауданының ПБ жүзеге асырады.

Ақшалай сыйақы мөлшері мен құнды сыйлықтың бағасы 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспауы қажет.